



**Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және
Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитеті Аппаратынан
Қазақстан Республикасының өкілдеріне кері шақырып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 наурыз N 333
Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы

және Өзбекстан Республикасы мемлекеттер басшыларының "Орталық Азия
Экономикалық Қауымдастығының "Орталық Азия Ынтымақтастығы" Ұйымына
айналуына байланысты іс-шаралар туралы" 2002 жылғы 28 ақпандағы шешіміне
сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан
Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы
комитеті Аппаратынан мыналар кері шақырып алынсын:

Пірімбетов - Мемлекетаралық Кеңестің Атқарушы
Серік Достанұлы комитетіндегі Қазақстан Республикасының
өкілетті өкілі, Атқарушы комитет
төрағасының орынбасары;

Тәжібаев - бас сарапшы;
Асқар Ерлікұлы

Жадрина - бас сарапшы.
Тышкен Ошаққызы

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы,
Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің
Атқарушы комитеті Аппаратындағы өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 510 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан

Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесінің Атқарушы

комитеті аппаратындағы Қазақстан Республикасының өкілдері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1016

P991016_

қаулысы.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.